



Жалағаш жаршысы



«zhahalagash-zharshysy.kz»
ақпараттық агенттігі

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1934 жылдың 10 қаңтарынан бастап шығады


Мезгіл мәселесі

Жазғы демалысты балалар асыға күтетіні баршамызға мәлім. Себебі жеткіншектер үшін үш айлық демалыс – ойын-сауықтың, саяхаттың, достармен бас қосып, емін-еркін серуендейтін ерекше кезең. Алайда бұл мезгіл барлық отбасы үшін бірдей қуанышқа толы болмай тұр. Өкінішке орай жазғы демалыстың қызығы кейбір шаңырақ үшін орны толмас қайғыға айналуға мүмкін. Тұрғындардың су айдындарындағы қарапайым қауіпсіздік талаптарын сақтамауы салдарынан жыл сайын қайғылы оқиғалар орын алып, талай баланың өмірі қиылуда. Мәселен, биыл суға түсу маусымы басталғалы елімізде 69 бала суға кетіп, көз жұмған. Қайғылы оқиғаға кім кінәлі? Тілсіз жау атанған су ма, әлде балаларды қараусыз қалдырып, қауіпсіздік талаптарына немқұрайлы қараған ата-ана ма? Сан сауалға жауап іздеп көрдік...

Қайғылы оқиғалардың басым бөлігі арнайы жабдықталмаған, шомылуға рұқсат етілмеген су айдындарында тіркелген. Көп жағдайда балалар су түбі зерттелмеген, ағысы қатты, иірімі көп немесе тереңдігі белгісіз жерлерге түсіп, ажал құшқан. Мамандардың айтуынша, мәселе тек қауіпті жағажайларда емес. Балалардың ересектердің қарауынсыз қалуы, ал кей жағдайда ата-аналардың немесе демалушылардың алкогольдік ішімдік тұтынуы да қайғылы жағдайлардың басты себебі болып отыр. Өкінішке орай суға кеткен балалардың басым бөлігін құтқаруға дәл сол сәтте жанында жауапты ересек адамның болмауы себеп болған.

Бір сәттік салғырттық салдарынан бүтін бір отбасы орны толмас өкінішке ұрынуда. Өздеріңіз білетіндей, шомылуға тыйым салынған жерлерде суға түскендер заңмен жазаланады. Соған қарамастан қауіпсіздік талаптарын елемейтіндер де аз емес. Биылдың өзінде мұндай құқықбұзушылық үшін 2 700-ден астам адам әкімшілік жауапкершілікке тартылған. Бұл – тұрғындардың әлі де болса өз өмірі мен жақындарының қауіпсіздігіне салғырт қарайтынын аңғартады.

Осыған байланысты мамандар ата-аналарды балаларды су жағасында бір сәтке де қараусыз қалдырмауға, тек арнайы жабдықталған әрі құтқарушылар кезекшілік ететін жағажайларда ғана демалуға, белгісіз және рұқсат етілмеген су айдындарына түспеге шақырады. Балаларға судағы қауіпсіздік ережелерін



алдын ала түсіндіріп, оларды өз бетінше суға жібермеу де аса маңызды.

Суға кету – аяқастынан болатын оқыс оқиға. Жыл сайын қайталанатын мұндай қайғылы жағдай қауіпті суда емес, тұрғындардың қауіпсіздік талаптарына немқұрайлы қарау салдарынан екенін көрсетуде.

Тілсіз жау қателікті кешірмейді

Аймақта суға шомылу маусымы басталғалы бері 12 адам суға кетіп, қаза тапқан. Өкінішке орай олардың жартысы – бала. Ал былтыр су айдындарында барлығы 26 адам қаза тапқан, өкініштісі, оның 11-і – бала. Мамандардың айтуынша, қайғылы оқиғалардың негізгі себептерінің бірі – тұрғындардың судағы қауіпсіздік ережелеріне немқұрайлы қарауы және балаларды қараусыз қалдыруы. Кейбір ата-аналар бір сәттік бейқамдықтың орны толмас өкінішке ұласатынын ескере бермейді.

Қайғылы оқиғалардың бірі өткен айда тіркелген. 5 маусым күні кешкі сағат 18:30 шамасында үйінің ауласында ойнап жүрген жерінен жоғалып кеткен 6 жасар қыздың денесі араға екі күн салып «Өйтек» су торабынан табылды. Бейнебақылау камераларына оның соңғы рет Сырдария өзеніне қарай бет алған сәті түсіп қалған. Баланы іздеуге төтенше жағдайлар қызметінің мамандары, полиция, еріктілер және басқа да күштік құрылымдар жұмылдырылды. Іздеу жұмыстары тәулік бойы тоқтаған жоқ. Мамандар өзен арнасын қайықпен және арнайы құралдармен сүзіп, тікұшақпен әуеден бақылау жүргізді, кинологтар маңайдағы аумақты түгел тексерді. Алайда барлық күш-жігерге қарамастан 7 маусым күні қыздың денесі «Өйтек» су торабынан төмен қарай шамамен 30 шақырым жерден табылды.

Сараптама қорытындысы бойынша, баланың денесінде зорлық-зомбылық

белгілері анықталмаған. Мамандар оның суға кету салдарынан көз жұмғанын мәлімдеді. Бұл қайғылы жағдай бір сәттік қараусыздықтың арты орны толмас өкінішке ұласатынын тағы бір мәрте көрсетті. Бір отбасының ғана емес, тұтас аймақтың қабырғасын қайыстырған бұл оқиға әрбір ата-ананы баласының қауіпсіздігіне бейжай қарамауға шақырады.

Қауіптің алдын алу мақсатында өңірде суға түсуге қауіпті 63 орын анықталып, тұрақты бақылауға алынған. Бұл учаскелерге 400-ге жуық ескерту белгісі мен 100-ден астам ақпараттық билборд орнатылған. Бұдан бөлек жыл басынан бері 400-ден астам рейд ұйымдастырылып, 13 мыңнан астам тұрғынға судағы қауіпсіздік талаптарын түсіндірілген.

Жүргізіліп жатқан профилактикалық жұмыстарға қарамастан қауіпсіздік талаптарын бұзу деректері әлі де тыйылар емес. Биылдың өзінде судағы қауіпсіздік ережелерін сақтамаған 11 баланың ата-анасына қатысты әкімшілік хаттама толтырылып, заң аясында тиісті шаралар қабылданған.

Қазіргі таңда облыс аумағында суға шомылуға рұқсат етілген 9 ресми жағажай жұмыс істейді. Мамандар тұрғындарды тек арнайы жабдықталған жағажайларда ғана шомылуға, балаларды бір сәтке де қараусыз қалдырмауға және судағы қауіпсіздік талаптарын қатаң сақтауға шақырады. Қауіпсіздік ережелерін сақтау заң талабы ғана емес, әрбір ата-ананың перзенті алдындағы ең үлкен жауапкершілігі екенін естен шығармаған жөн.

Ауданда ахуал тұрақты

Ауданда судағы қауіпсіздікті қамтамасыз ету және жазатайым оқиғалардың алдын алу мақсатында сала мамандары түсіндірме жұмыстарын тұрақты түрде жүргізіп келеді.

Су айдындарындағы қауіпсіздікті күшейту мақсатында аудандық төтенше жағдайлар бөлімі, №11 өрт сөндіру бөлімінің кезекшіліктен бос қызметкерлері, аудандық полиция бөлімі мен еріктілер бірлесіп 124 рейдтік шара ұйымдастырған. Рейд барысында балық аулап жүрген және өзге де шаруалармен су айдындарына келген 438 тұрғынға қауіпсіздік талаптарын түсіндіріліп, арнайы жадынамалар таратылған. Сонымен қатар Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодексінің 412-бабына сәйкес, суға түсуге рұқсат етілмеген орында шомылған 1 азаматқа әкімшілік хаттама толтырылып, айыппұл салынған.

Қазіргі таңда аудан аумағында суға шомылуға тыйым салынған 6 қауіпті орын бар. Бүгінде бұл учаскелерге 28 ескерту тақтайшасы мен 11 ақпараттық билборд орнатылған. Ауданда арнайы жабдықталған, суға шомылуға рұқсат етілген орын жоқ. Соған қарамастан тұрғындар рұқсат етілмеген жерлерде суға түсуді әдетке айналдырған.

Жалағашта судағы қауіпсіздік мәселесі үнемі бақылауда болғанымен, қайғылы оқиғалар мүлде кездеспеді дей алмаймыз. Мәселен, 2023 жылы суға кетудің екі дерегі тіркелген. Оның бірі ересек адам болса, екіншісі – мектеп жасындағы бала. Ал 2025 және 2026 жылдары ауданда балалардың суға кету фактісі тіркелмегені көңіл қуантады. Өкініштісі, екі жылда да бір ересек адамның суға кетіп, қаза табуы орын алған.

Бір сәттік салғырттықтың соны орны толмас қайғыға ұласады. Сондықтан әр ата-ана баласының қауіпсіздігіне жауапкершілікпен қарап, оларды су айдындарының маңында қараусыз қалдырмағанда ғана судағы қайғылы оқиғалардың санын азайтуға болады. Қорқынышты статистикадан түйетін басты сабақ – сақтық шараларын сақтау.

Ақтоты БҮРКІТБАЙ

Ел жаңалықтары

ДӘРІ-ДӨРМЕК ҚҰНЫ 20 ПАЙЫЗҒА ҚЫМБАТТАДЫ



Еліміздің денсаулық сақтау саласындағы инфляция бір жылда 11 пайызға өсіп, дәрі-дәрмек бағасы 20 пайызға өсті. Ұлттық статистика бюросының маусым айындағы деректеріне сәйкес, дәрігер-мамандардың қабылдау процесі ең көп қымбаттаған қызметтердің қатарына өнген. Қызмет құны бір жылда 16 пайызға артқан.

Мұнан бөлек амбулаториялық қызметтер 13 пайызға, ультрадыбыстық зерттеу (УДЗ) 15 пайызға, рентген 12,6 пайызға, магниттік-резонанстық томография (МРТ) 10 пайызға, физиотерапиялық ем 9,6 пайызға қымбаттаған.

Стоматологиялық қызметтер құнында да айтарлықтай өсім бар. Тарқатып айтсақ, кариесті емдеу 18, тіс жұлу 15,8, тіс протездеу 12,2, имплант орнату 8,4 пайызға өскен. Сонымен қатар фармацевтикалық өнімдердің бағасы бір жылда 20 пайызға көтерілген. Күнделікті қолданылатын дәрілер арасында белсендірілген көмір мен ацетилсалицил қышқылының бағасы 1,7 есеге, парацетамол 1,5 есеге қымбаттаған.

Айта кетейік, бұған дейін Денсаулық сақтау министрлігі мамыр айында 669 дәрі-дәрмектің бағасы арзандағанын хабарлаған болатын.

«ЖОҚ» ақпарат

Өңір өнімі

Күршіт өлке атанған ауданымызда соңғы жылдары ауыл шаруашылығын әртараптандыру бағытындағы игі бастамалар жемісін беріп келеді. Соның бірі – Темірбек Жүргенов ауылындағы «Ер-Әлі» шаруа қожалығы. Ауыспалы егіс талабын сақтай отырып, әлеуметтік маңызы бар азық-түлік өнімдерін өндіріп келе жатқан шаруашылық бүгінде картоп, сәбіз, қызылша өсірумен қатар алма бағын дамытып, көпке үлгі болуда. Бүгінде бұл бақ тек ауданның ғана емес, тұтас Сыр өңірінің қажетіне жарап тұр.

Қыс бойы ұйымдастырылған ауыл шаруашылығы жармеңкелері шаруашылық үшін өнім өткізудің тиімді алаңына айналды. Мұнда «Құрманбай ата» брендімен ұсынылған табиғи өнімдер тұрғындарға қолжетімді бағамен сатылды. Нәтижесінде халық біріншіден сапалы азық-түлікке қол жеткізсе, екіншіден жергілікті өнімнің нарықтағы беделі артып, тұтынушылардың сеніміне ие болды.

Шаруашылық 2017 жылдан бастап алма өсіруді қолға алып, бүгінде «Құрманбай ата» атауымен танылған алма өнімдері облыс орталығы мен өзге аудандардың сауда орындарына жол тартып келеді. Алмабақтың тарихы ауылдың

АУЫЛДАҒЫ АЛМАБАҚ



өткен өмірімен сабақтас. Ауыл ақсақалдарының естелігіне сүйенсек, Кеңес дәуірінде осы өңірді жайқалған алма бағы көмкеріп тұрған. Кейін түрлі себептермен қараусыз қалып, уақыт өте келе бақтың ізі де жоғалған. Бір кездері ауылдың көркі болған сол алмабақты қайта тірілтуге жергілікті кәсіпкер Еркін Бекжанов бел бұған. Туған жердің топырағына деген перзенттік сүйіспеншілігін

нақты іспен дәлелдеген ол өз қаражатынан 20 миллион теңге бөліп, ауыл іргесінен жер алып, мыңдаған алма көшетін отырғыза бастаған. Сол игі бастаманың нәтижесінде жоғалған баққа қайта жан бітіп, бүгінде жасыл желек жайқалған алма алқабы ауылдың ажарын айшықтап тұр. Бұл – тек табыс көзі ғана емес, туған жердің

өткенін бүгінмен сабақтастырып, келешекке аманаттайтын тағылымды еңбек.

Бес гектар алқапты алып жатқан алмабақ бүгінде мол өнімнің берекелі ордасына айналған. Өткен жылы бағбандар мұнда 60-70 тоннаға жуық алма жинаса, биылғы межені 100 тоннаға жеткізуді көздеп отыр. Бұл – жылдар бойы төгілген маңдай тер мен тынымсыз ізденістің жемісі. Қазір бақта тұтынушылар сұранысына ие «Гала», «Голден», «Симиренко» және «Фуджи» секілді бірнеше сұрып өсіріледі. Әрқайсысы өзінің табиғи дәмімен, сапасымен және ұзақ сақталуымен ерекше. Соның арқасында «Құрманбай ата» алмасы өңір тұрғындарының ғана емес, өзге аймақ тұтынушыларының да таңдаулы өніміне айналып, жергілікті бренд ретінде танылып келеді.

Алмабақта өнімділікті арттыруға бағытталған заманауи агротехнологиялар кеңінен қолданылады. Жеміс ағаштары тамшылатып суару жүйесі арқылы суарылады. Бұл әдіс су ресурстарын тиімді пайдаланумен қатар әр көшеттің қажетті мөлшерде ылғал алуына жағдай жасап, жемістің сапасы мен өнім көлемінің артуына оң ықпал етеді.

Көктем сайын ағаштарды бұтау, бірлеу және күтіп-баптау жұмыстары дер кезінде жүргізіліп, әр түпке ерекше күтім жасалады. Бақтан жиналған өнім бүгінде Жалағаш ауданы мен Қызылорда қаласының ғана емес, еліміздің өзге өңірлерінің де сауда сөрелерінен орын алып келеді. Бұл – жергілікті өнімнің сапасы жоғары

болуымен қатар туған жердің топырағында өсірілген табиғи алманың тұтынушылар сеніміне ие болғанын көрсетеді. Ең бастысы, бір кездері жоғалып кеткен алмабақтың қайта жанданып ауылдың тынысын ашып, жергілікті кәсіпкерліктің дамуына серпін беріп келеді.

Алмабақтың басты ерекшелігі, өңірдің ауыл шаруашылығын әртараптандыруға қосқан сүбелі үлесі. Дәстүрлі күріш шаруашылығымен қатар бау-бақша дақылдарын дамыту арқылы «Ер-Әлі» шаруа қожалығы өңірде жаңа бағыттың қалыптасуына жол ашты. Бұл бастама жердің мүмкіндігін тиімді пайдаланып қана қоймай, ауыл тұрғындарын тұрақты жұмыспен қамтып, кәсіптік көкжиегін кеңейтуге ықпал етуде. Бүгінде бұл бақ жай ғана жеміс өсіретін алқап емес, туған жерге деген сүйіспеншіліктің, адал еңбек пен табандылықтың нақты көрінісіне айналған.

Әрбір алма ағашы – төгілген маңдай тердің, әрбір жиналған өнім – тынымсыз еңбектің жемісі. Жалағаштың аты бұрын күршімен әйгілі болса, бүгінде өңірдің брендіне айналып келе жатқан табиғи алмасы да ауданның абыройын асқақтатып келеді. Бұл – жердің қадірін біліп, еңбектің берекесіне сенген азаматтардың қажырлы еңбегінің жемісі. «Ер-Әлі» шаруа қожалығы туған жердің топырағына сеніп, адал еңбек еткен адамның еңбегі ешқашан зия кетпейтінін дәлелдеп келеді. Осындай игі бастамалар көбейген сайын ауылдың әлеуеті артып, елдің ырысы еселене түспек.

Сезім НҰР

2 ҚОҒАМ

Байқау

Өткен аптада Жалағаш ауданында ардагерлер арасында дәстүрлі балық аулау жарысы өтті. Аудандық ардагерлер кеңесінің бастамасымен ұйымдастырылған тағылымды шара аға буын өкілдерінің белсенді өмір салтын насихаттап, олардың өзара ынтымағы мен бірлігін нығайтуды мақсат етті.

Жарыстың ашылу салтанатында Жалағаш ауданының қоғамдық даму бөлімінің басшысы Жасұлан Еспенбет қатысушыларға сәттілік тіледі. Ол аудандық ардагерлер кеңесінің бастамасымен шахмат, дойбы және басқа да спорт түрлерінен жарыстардың тұрақты түрде өткізіліп келе жатқанын атап өтті.

— Ұлттық салт-дәстүріміздегі қазақтың той-томалағы, басқа да халықтарда кездесе бермейтін түрлі рәсім-жоралғылар — біздің құндылықтарымыз. Байыппен қарасак, сол ата-бабаларымыздан қалған салт-дәстүрлеріміздің барлығы спортпен сабақтас. Бабалардан қалған ескі жол әлі де жалғасын тауып келеді. Міне, бүгінде сіздермен өскелең ұрпақты еңбекке, шыдамдылық пен төзімге, сабырға тәрбиелейтін табиғат аясындағы мерекеге куә болып отырмыз. Жыл сайын дәстүрге айналған ардагерлер спартакиадасы, балық аулау жарысы, көл жағасындағы демалыс — аудан халқы үшін тамаша мереке, жастарды отансүйіштікке, еңбек етуге тәрбиелейтін ұлағаты шара, — деді бөлім басшысы.

Ақыл — жастан, асыл — тастан, өнеге — қариядан. Иә, самайын уақыттың ақ қырауы көмкерген қарияның қазақ қоғамындағы орны — төр. Өйткені шекіре сұраса, қарияға жүгінген, дау туса, төрелігін күткен, үл үйлендірсе, батасын алған, нәресте дүниеге келсе, атын қойғызған. Ғасырлар сүзгісінен өткен осы тағылым бүгінде өз жалғасын тауып келеді. «Зейнет жасына жетті екен» деп ел ісінен шет

ҚАРИЯЛАР ҚАРМАҚ САЛДЫ



қалмай, өмірлік тәжірибесін кейінгі буынға өнеге етіп жүрген ардагерлердің қоғамдық өмірдегі орны ерекше. Аудандық ардагерлер кеңесінің мүшелері аудан көлемінде ұйымдастырылатын маңызды қоғамдық, мәдени-рухани шаралардың бел ортасынан табылып, ақыл-парасатымен, бай тәжірибесімен көпшілікке бағыт-бағдар көрсетіп келеді.

Бүгінгі тағылымды шараға ауданға қарасты барлық елді мекеннен жиналған отызға жуық ардагер қатысты. Таң қылаң бере «Солтүстік канал» жағасына бет алған қариялардың жүрісінен-ақ бұл күнге тыңғылықты дайындалғаны аңғарылды. Иықтарына асынған ұзын қармақ салынған сөмкелері сырт көзге сарбаздың жарағындай көрінеді. Бірінің қолында жемге арналған жүгері, енді бірінде нан мен балық

тартатын қажетті жабдықтар. Әзірге қармақ суға түскен жоқ. Арасында бұрыннан таныс қариялар бір-бірінің хал-жағдайын сұрап, өткен жылғы қызықты сәттерді еске алып, әңгіме тиегін ағытқан сәт.

— Бұл балық аулау жарысы — биыл ғана басталған бастама емес, он жылдан бері үзілмей жалғасып келе жатқан тағылымды дәстүр. Мұндағы мақсат бір-бірімізді ұтып, олжамен мақтану емес. Ең бастысы, кейінгі өкшемізді басып келе жатқан жастарға үлгі көрсету, табиғатты аялауды, татулық пен сыйластықты дәріптеу. Осындай басқосулар арқылы кейінгі буынға өнеге қалдырсақ, мақсатымыздың орындалғаны, — дейді кент ардагерлер кеңесінің төрағасы Қожатай Құлмахан.

Жарыс өтетін аумақта қауіпсіздік шаралары

да алдын ала жан-жақты қамтылыпты. Арнайы кезекшілікке қойылған жедел жәрдем көлігі ұйымдастырушылардың қатысушылардың амандығына ерекше мән бергенін аңғартты. Көп ұзамай бас төреші Нұржан Төретай қатысушыларды ортаға жинап, жарыстың тәртібі мен талаптарын түсіндірді. Оның айтуынша, сайысқа бір жарым сағат уақыт беріледі. Осы уақыт аралығында әр қатысушы қағидаға сай балық аулап, талап сақтауы тиіс. Сайыс шарты бойынша бұл жолы жеңіс көп балық аулағанға емес, жалпы салмағы басым болған қатысушыға бұйырады.

Бас төрешінің белгісінен кейін балықшылар өздері таңдаған орындарына қарай беттеді. Әркімнің жылдағы үйреншікті тұсы бар. «Анау кісі осы жерден жақсы аулайды, биыл да бағы жанатын шығар» деген болжамдар да құлаққа шалынып қалды. Қармақтар суға тасталған соң айналаны үнсіздік басты. Бірі жемін қайта бір түзеп қойса, енді бірі су бетінен көз алмайды. Қозғалыс атаулы тек дарияның баяу толқыны ғана. Сол толқын кімнің қармағына алғашқы олжаны жетелері тосын.

Қаулаған жыңғыл арасымен ирелендеген сүрлеуді жағалай жүріп, балықшылар отырған тұсқа беттедік. Су бойын тізбектей жайлаған қариялардың арасында кенттен келген ардагер Жұмағали Игембаев та бар. «Бұйырғаны болып жатыр» деп жымиып қарсы алды. Бала күнінен қармақ ұстап өскен қария үшін балық аулау — жай ғана әуестік емес, өмірінің бір бөлшегі. Кейде қызығына беріліп, ат теріп құрғатқанша Аққырға дейін барып қайтатын кездері де болыпты.

— Бұл — мен үшін демалыс. Тек дененің емес, жанның тынығытын шағы. Су жағасында отырсаң, ойың сергіп, көңілің жайланады. Сондықтан аптасына бір-екі рет осында келуді әдетке айналдырдым. Кейде он-он бес қармақ қатар қоямын. Арнайы шылдыры бар, балық қапқанда жарығы жанады. Сол белгіге қарап қай қармаққа түскенін біліп бағдарлаймын, — дейді ол.

Тартысқа толы бәсекенің шешуші сәті де

келіп жеткен. Қолдарына дорбаларын көтерген ардагерлер кезек-кезек таразы басына беттеді. Әдетте елеусіз ғана тұратын сары батырмалы қол таразысы бұл күні әр қатысушының еңбегін бағалайтын басты өлшемге айналған. Нәтижесінде Аққыр ауылынан Жүсіп Молдашораев І орынды жеңіп алса, Мұрзабай ахун ауылынан Орақбай Әбжанов ІІ орынға ие болды. Ал Еңбек ауылынан Сералы Құйрықбаев үздік үштікті түйіндеді. Сонымен қатар Жалағаш кентінен Жұмағали Игембаев «Ең ірі олжа», Мақпалкөл ауылынан Айтбай Төребаев «Балық аулау шебері», Мәдениет ауылынан Егізқара Ибраев «Үздік балықшы», Бұқарбай батыр ауылынан Ерғара Сүлейменов «Ардагерлер мақтанышы», Ақсу ауылынан Серік Қайыров «Жеңіске деген жігері үшін» деген арнайы номинацияға ие болды.

— Былтыр «Ұқыпты балықшы» атанған едім. Балық аулаумен қатар мылтық ату, шахмат, үстел теннисімен айналысамын. Жас құлағым еркін күрестен де қол үзген емеспін. Қозғалыс адамды сергек ұстайды, — дейді Ерғара ақсақал.

Сайыс соңында ардагерлер ақ дастарқан басында бас қосып, әсерлерімен бөлісті. Келер жылғы кездесуге қатысты ұсыныс-пікірлерін айтып, ұйымдастырушыларға ризашылығын жеткізді.

Көл жағасында өткен бұл жарыс жеңімпаздарды анықтаумен ғана шектелген жоқ. Ол өмірдің талай белесін еңсерген аға буынның сергек рухын, табиғатқа деген сүйіспеншілігін, өзара сыйластығы мен бірлігін тағы бір мәрте айқын көрсетті. Осындай тағылымды басқосулар ардагерлердің өмір тәжірибесін дәріптеп қана қоймай, кейінгі ұрпаққа өнеге болатын ізгі дәстүрдің сабақтастығын жалғай түседі. Көл сыйлаған несібеден бұрын көңілге ұлаған қуаныш пен сыйластық бұл күннің ең қымбат еншісі болды.

Гүлжан ЕСЖАН

Семинар

Өткен жұмада Бұқарбай батыр ауылдық округінде аудандық ардагерлер кеңесі төрағаларының басын қосқан көшпелі семинар өтті. Семинарды Бұқарбай батыр ауылдық бастауыш ардагерлер кеңесінің төрағасы Қабыланбек Нұрмағанбетов жүргізіп, қатысушыларға ауылдағы қоғамдық және рухани-мәдени нысандардың жұмысын таныстырды.

Бұл ауылға аяқ басқан жан ең алдымен оның жинақылығы мен ажарына назар аударады. Көз сүрінер олқылықтан гөрі көз қуантар көрініс көп. Бүгінде мұнда 1851 тұрғын, 382 отбасы берекелі ғұмыр кешіп жатыр. Соның 167-сі — көпбалалы отбасы. Ауылдың әр көшесінен тіршіліктің тынысы сезіледі. Жалпы саны 19 көшеден тұратын елді мекеннің келбеті өткен жылы күрделі жөндеуден кейін тіпті ажарлана түскен. Сондықтан болар, ауылға алғаш келген адам оны шағын қалашықпен шатастырып қалуы әбден мүмкін. Семинарда қатысушылар алдымен М.Ерниязұлы атындағы демалыс паркін аралап, оның тыныс-тіршілігімен танысты.

— Ауылдың көркіне көрік қосқан бұл демалыс орны — еңбек тыл ардагері, елді мекеннің негізін қалаушылардың бірі Мыхан Ерниязұлының 130 жылдық мерейтойына орай 2023 жылы ел игілігіне берілді. Саябақ төрінде еңселі кеуде мүсінінің бой көтеруі — өткенге тағзымның, тарихқа деген құрметтің айқын белгісі. Елге жанашыр азамат Бердібек Сартайұлы бұл игі істі өз қаражаты есебінен жүзеге асырып, ауылға көпшіліктің тынығатын еңселі орын сыйлады. Бүгінде таң шапағынан күн уясына қонғанға дейін бұл жерден адам аяғы үзілмейді. Мұнда балалардың күлкісі естіліп, үлкендер саялап, ауыл тұрғындары мен қонақтары бас қосып, тынығатын жайлы мекенге айналған,—деді Қабыланбек Нұрмағанбетов.

Ардагерді ел бекерден «бекзат қазына» демеген. Өйткені уақыттың тезінен өткен өмірдің әр белесі олардың жадында, әрбір естелігі кейінгіге аманат. Осындай аға буынның басын қосқан тағылымды жүздесулер де сол аманаттың үзілмей жалғасып келе жатқанын аңғартады. Кезінде ел тағдырын таразылаған тұста бір ауыз тоқтамды сөзбен ағайынның арасына алтын көпір бола білген қариялар бүгінде сол биігінен төмендеген жоқ. Ауылдың тынысына араласып, ақылын айтып, жастарға жөн сілтеп жүрген олардың әр ісінен елге деген жанашырлық сезіледі.

Жасыл желектің саясын бойлай ілгерілерін сайын ауылдың өткенінен сыр шертетін тағы бір киелі орын Бұқарбай батыр атындағы тарихи мұражайға табан тірейміз. Ел қорғаған ердің есімін иеленген бұл шаңырақ — өткен мен бүгінді жалғап тұрған рухани қазына. Ұлт-азаттық қозғалысының қаһарманы, аңызға айналған Бұқарбай батыр Естекбайұлының 200 жылдық мерейтойы қарсаңында ашылған мұражай бүгінде ауылдың ең көп жиналатын орындарының бірі. Иә, расында әр жәдігері ел тарихынан сыр шертсе, әр бұрышы батырдың еңегелі өмір жолын кейінгі ұрпаққа танытып тұр.

Бұл шаңырақта бүгінде үш қызметкер еңбек етеді. Мұражайға Айгүл Піржанова жетекшілік жасап келеді. Есігін айқара ашқан бұл руханият ордасы ауыл тұрғындары мен алыстан ат басын

ТАҒЫЛЫМ МЕН ТӘЖІРИБЕ ТОҒЫСЫ



бұрған қонақтарды әрдайым жылы қарсы алады. Мұнда сақталған әрбір жәдігердің өз тарихы, өз тағдыры бар. Сондықтан қызметкерлер батырдың ғұмыр жолын, ел азаттығы жолындағы күресін, жорық жылдарындағы ерлік істерін тебірене әңгімелей, келушілерді өткеннің өңегесімен қауыштырудан өз жалыққан емес.

Бүгінде мұражай өскелең ұрпақтың тарихи танымын қалыптастыратын тағылым мектебіне айналған. Сондықтан мұндағы жұмыс тек жәдігерлерді сақтаумен шектелмейді. Қазіргі таңда музей ұжымы мектеп оқушыларымен тығыз байланыс орнатып, көшпелі көрмелер ұйымдастырып, тарихи-танымдық кездесулер өткізіп келеді. Жыл басынан бері түрлі тақырыптарды қамтыған жиырмаға жуық тағылымды шара ұйымдастырылып, батыр мұрасын дәріптеу мен туған өлкенің тарихын жас ұрпақтың санасына сіңіруге басымдық беріледі. Өйткені тарихтың қадірін таныған ұрпақ қана туған жердің тағдырына бейжай қарамайтынын батыр атындағы ауыл халқы бұрын түсінген.

Мұражай төрінде тұрған батырдың ер-турманы, қылышы мен өзге де жеке бұйымдары уақыттың талай сынынан өтсе де, өзінің бастапқы болмысын жоғалтпапты. Батырдың шашақты туына қатысты ел ішінде айтылатын тағылымды әңгіме де аз емес. Кезінде мұражай қорына өткізілер алдында перзент сүйгісі келген жандар ырымдап оның шашағынан киіп алған деседі. Содан бері батырдың айбынын айшықтаған қасиетті тудың сақталған бөлігі осы мұражайда көздің қарашығындай қорғалып келеді.

Мұражай экспурсоводы Мереке Алдабергенқызының айтуынша, Бұқарбай батырға қатысты тың деректер ұзақ ізденістің нәтижесінде жинақталған. Орынбор, Омбы және Санкт-Петербург архивтерінен алынған құжаттардың көшірмелері мұражай қорын толықтырып, баһадүрдің өмір жолын жаңа қырынан танытуға мүмкіндік беріп отыр. Сонымен қатар ауылдан шыққан ардагерлердің суреттері, елдің өсіп-өркендеуіне улес қосқан азаматтар туралы деректер мен тарихи құжаттар да осы жерден орын тапқан. Мұның бәрі бір ауылдың ғана емес, тұтас өңірдің шешіресін үнсіз сөйлетіп тұрған баға жетпес рухани мұра іспетті.

Іште ине шаңшар орын жоқ. Аптап ыстықтың

лебі ме, әлде келушілер қатарының көптігінен бе, ауа да қоюлана бастады. Әйтсе де сыртқа шығуға асығар жанды байқамайсың. Әсіресе қайқы қылышқа көз тоқтатқан ардагерлердің қызығушылығы ерекше. Бірінің сұрағы бірімен жалғасып, музей қызметкерінің әрбір жауабын қалт жібермей тыңдайды. Әсілі, қарттан сөз қала ма?! Ауылдың шаңына аунап өскен, елдің кешегісін көзімен көрген Қабыланбек ақсақал кенеттен сөзді өзі ала жөнелді. Әңгіме әріден басталды.

— Естүімше, Бұқарбай батырдың ұстаған қылышы біреу болмаған деседі. Ауыл арасына шыққанда да, жауға аттанғанда да әртүрлі қылыш ұстаған. Ұрпағы Әжібек те айтып отыратын. «Жігіт болып қалған шағымда батырдың сауытын киіп көрдім. Орынман әрең тұрдым» дейтін. Сол сауыт пен қылыштарды кезінде Шотан көлдің жағасына киізге орап көмген. Кейін талай уақыт өтті де ізі табылмай қалған. Ал бүгінде сол қарулардан бізге жеткені алдарыңызда тұрған осы қылыш, — деді ауылдық ардагерлер кеңесінің төрағасы.

Жиналған жұрт естіген деректердің салмағын сезінді ме, әйтеуір бірі қылышқа қайта үңілсе, енді бірі өзара күбірлесіп, жаңа ғана айтылған тарихты көңіл таразысына салып, іштей қорытындылай бастады. Осылайша өткеннің өңегесіне тағы бір мәрте тағзым еткен ардагерлер сапарын әрі қарай жалғады.

Келесі аялдама Бұқарбай батыр атындағы мешіт болды. Осында батыр рухына және барша әруақтарға Құран бағышталып, елдің амандығы мен бірлігі үшін ақ тілек айтылды. Тыныштыққа тұнған сәтте тағылымды сапардың мәні тіпті тереңдей түскендей болды.

Іс-шара аясында орталықтағы Рәміздер алаңы мен «Байтабын» спорт кешенінің жұмысы таныстырылып, олардың ауыл тұрғындарына көрсетіп отырған қызметі жайлы мәлімет берілді. Ауылдың ажарын ашқан бұл спорт кешені демеушілердің қолдауымен бөй көтерген. Бүгінде мұнда екі жаттықтырушы жас өрендердің талабын ұштап, шеберлігін шыңдап келеді. Тынымсыз еңбектің нәтижесі де жоқ емес. Осы жерден түлеп ұшқан жастардың арасында әлемдік жарыстарда бақ сынап, Туризм және спорт академиясының білім грантын иеленген шәкірт те бар.

— Ардагерлердің жүрегі қартаймағанын осы еңбектердің өзі-ақ дәлелдейді. Олар үйде қол қусырып отырған жандар емес. Қолөнермен айналысып, ұлттық мұраны дәріптеумен қатар ауылдың қоғамдық жұмыстарына белсене араласып, гүл егіп, айналасын көркейтуге де өз үлестерін қосып келеді, — деді ауылдық мәдениет үйінің басшысы Гүлмария Илиясова.

Түкті кілем тоқып отырған Тұрғанкүл әже бізді жылы жүзбен қарсы алды. Саусақтары жіпті бірте іліп, бірде тарқатып, өрнекке жан бітіріп отыр.

— Кілем тоқуды он бес жасымда үйрендім. Араб кілемін де тоқыдым. Бұрын тор тоқып, кесте тігетінбіз. Қазір сол өнерді жастарға үйретіп жүрміз, — дейді ол.

Расында бес саусағынан өнер тамған жан екені әр ісінен байқалады. Бір кездері ауылдағы ансамбль құрамында жиырма жыл бойы ән салып, сахна көркін қыздырған. Бүгінде сексеннің үзегіне шықса да, қолөнерден қол үзбей, ұлттық мұраны кейінгі буынға аманаттауды өзіне парыз санайды.

Ардагерлерге арнайы әзірленген ақ дастарқаннан дәм ұсынылған соң жиналған жұрт өнерпаздар дайындаған қойылымды тамашалауға бет алды. «Үлкенді құрметтеу — ұлттық дәстүр» тақырыбындағы сахналық көрініс көрерменнің ыстық ықыласына бөленді. Қойылымда қолыңдағы сымысз телефонға үңіліп, жат ағымның жетегіне еріп, үлкенді құрметтеуді ұмыта бастаған бүгінгі қоғамның ашы шыңдығы көрініс тапты. Ұлттық тәрбиенің қадірі мен үлкенге ізет көрсетудің маңызы әсерлі сахналық шешім арқылы көрерменге ой салды.

Семинар соңында он төрт ауылдан келген ардагерлер кеңесінің төрағалары «Атбасар» ұлттық ат спорты орталығына бетбұрды. 2023 жылы пайдалануға берілген бұл кешен бүгінде ауылдың ғана емес, ауданның ұлттық спорттағы мерейін асырып жүрген орынға айналған. Қонақтарды орталықтың тыныс-тіршілігімен таныстырған Қабыланбек Нұрмағанбетов ауыл шабандоздарының жетістіктерін ерекше мақтанышыпен әңгімеледі. Оның айтуынша, республикалық жарыстарда жүлде алып жүргендердің қатары көп. Арасында көкпардан автокөлік ұтып, ел мерейін үстем еткен шабандоз да бар. Жалағаш ауданы облыс бойынша екінші орында тұрса, сол жетістіктің бел ортасында жүрген де — осы ат үстіндегі азаматтар.

Қазына кеуде қариялар, әр шабандоздың есімін жаңылмай атап, жетістігін жатқа тартып тұрған ардагерден ұлттық спортқа деген шынайы жанашырлық анық сезіледі. Екі мыңға жуық көрерменге арналған атшабардың да өзіндік ерекшелігі бар. Қандай ауа райы болса да шаң көтерілмейтін, балшық болмайтын топырақ Қармақшы ауданынан арнайы әкелінген. Сондықтан бұл ауылда «көкпар өтеді» деген хабар тараса, атшабардың айналасы жүйрік атқа да, жанкүйерге де лезде толып шыға келеді.

Ұлттық спорттың өрісін кеңейтіп, ұрпақ сабақтастығын жалғап отырған осындай игі іске ардагерлер жоғары бағасын да, ақ баталарын да арнады. Тәжірибе алмасуға, ұлттық құндылықтарды ұлықтауға және ардагерлер ұлымдарының өзара байланысын нығайтуға бағытталған мазмұнды семинар осылайша тағылымы мол әсермен түйінделді.

Гүлжан БАҚЫТБЕКҚЫЗЫ

